

МҒТАР 06.56.25

**Г.А.Наметова,**3 курс докторанты  
Тұран университеті,  
Алматы қ.

## **Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің желілік өзара әрекеттесу құрылымдарын пайдалану перспективалары**

### **Кіріспе**

2018 жылдың ақпан айында бекітілген «Қазақстан Республикасын дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспары» туристік саланы дамытуды бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастырудың басым бағыттарының бірі ретінде анықтады: «3.33 бастамасында» «жол, жол бойындағы, коммуналдық және басқа да инфрақұрылымдарды, соның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы демалыс объектілерін және туристік маршруттарды дамыту үшін заңдарды жетілдіру және шараларды әзірлеу» міндеті қойылды [1].

2018 жылдың қыркүйегінде Мәдениет және спорт министрлігімен әзірленген «2019-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының кірмелік және ішкі туризмін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» жобасын талқылау басталды.

Авторлармен дайындалған SWOT-талдауда қазақстандық туризм индустриясының әлсіз жақтарының қатарында келесілер аталды: туризм орындарында инженерлік-көліктік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы; туристік объектілерге қолжетімділіктің қиындығы; туристердің демалу орындарындағы қызмет көрсету деңгейінің төмендігі; жол бойындағы инфрақұрылым объектілері санының жеткіліксіздігі; туризм саласындағы білікті кадрлардың жеткіліксіздігі; туризм саласына сыртқы инвестициялар санының жеткіліксіздігі; жетілмеген визалық және миграциялық режим; әуе кеңістігін реттеудегі шектеулер; ішкі және халықаралық нарықтарда туристік әлеует туралы ақпараттың төмен деңгейі; тұру және әуе тасымалы бағасының жоғарылығы [2]. (Бір жыл бұрын «Әлемдік экономикалық форум – 2017 саяхат пен туризмнің бәсеке қабілеттілігі рейтингінде»

Қазақстан 81-орынды (136 елдің ішінен) иеленді: туристік инфрақұрылым сапасының төмендігі (отельдер, шипажайлар, мәдени ойын сауық объектілері және т.б.) – 121 орын; әуе қатынасының ашықтығының төмендігі – 121 орын; визалық режимнің күрделілігі – 114 орын; жолдар сапасының төмендігі – 106 орын; автокөліктерді жалға алу бойынша компаниялардың қатысуының нашарлығы – 113 орын; маркетинг пен брендинг тиімділігінің төмендігі – 102 орын [3]).

Саланың осындай көптеген мәселелеріне қарамастан, жоба әзірлеушілері 2023 жылға туристік лекті 4,2 есе көбейтуге, шамамен 64 мың қосымша жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етуге, 5,8 млрд көлемінде инвестиция тартуға болады деп есептейді. Қазіргі уақытта ЖІӨ-де туризмнің үлесі 1,3% деңгейінде, жоба авторларының пікірінше, бұл көрсеткішті 5 жылда 6 есе көбейтуге болады [4].

Туристік сала көрсеткіштерінің қарқынды өсуі үшін жобалық тәсіл және ресурстарды неғұрлым болашағы зор «басымдықтарға ие туристік территорияларға» шоғырландыру бағдарламаға негіз ретінде алынып отыр. Туристік объектілердің 80% елдің 7 аймағына шоғырланған: бұл Астана және Ақмола облысы, Алматы және Алматы облысы, Шығыс Қазақстан, Түркістан және Маңғыстау облыстары. Аймақтармен біріге отырып, жоба авторлары құрамына аймақтық маңызы бар 50 жоба (ішкі және кірмелік туристерді тарту «магниттері») және республикалық маңызы бар 10 жоба (туристік өсу нүктелері) кіретін «туристендіру картасын» әзірледі [4]. Бағдарламаға сәйкес «туристендіру картасының топ-10» дамытуға бюджеттік қаражат есебінен 600 млрд теңге тартылатын болады, «басымдықтарға ие туристік

территориялар» электр қуатына, жылуға, суға, кәріз қалдықтарын шығаруға, қалдықтарды шығару мен жоюға, жолдарға, жағажайларды нығайтуға және т.б. қажеттіліктерді қамтамасыз ететін қажетті коммуникациямен қамтамасыз етілетін болады [2]. Сонымен қатар, туристік саланы басқарудың жаңа сызбасына көшу жоспарлануда (бағдарлама жобасының 115 бетіндегі сызбаны қараңыз [2]. Басымдықтарға ие туристік территорияларды дамыту «KazakhInvest»ҰК мен халықаралық кеңес берушілерді тарта отырып, «KazakhTourism» ҰК-мен құрылған арнайы басқарушылық компаниялармен жүзеге асырылатын болады. Басқарушылық компанияларға жер телімдерін қорландыру мен тарату құқықтары берілетін болады – ол үшін заңға өзгерістер енгізу бойынша шаралар жүргізілетін болады. Аймақтық деңгейдегі «туристендіру картасының» объектілері үшін жергілікті атқарушы органдармен дамудың жол картасы / шебер-жоспарлар әзірленетін болады. Жүйелік жоспарлаудың көрсеткіші болып Туристендіру картасы объектілерін дамытудың жол карталары мен шебер-жоспарлардың саны табылады.

«2019-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының кірмелік және ішкі туризмін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» талқылау барысында қазірдің өзінде сын ескертпелер айтылды. «Атамекен» ҰКП басқармасы төрағасының орынбасары О.Ордабаевтың сөздерінің шынайылығын мойындамауға болмайды: «Бағдарлама жобасы стратегиялық міндеттерді қамтиды, бірақ, мысалы Өзбекстандағыдай шағын бизнесті қолдау механизмдері мен ынталандырушы шаралар көрсетілмеген»[7]. Сонымен қоса, біз бағдарлама жобасында «destination management organization» (DMO) деп аталатын ауылдық туризмді дамытуда шағын кәсіпкерлік субъектілерінің желілік өзара әрекеттесуінің нұсқау берушісі механизмдерін пайдаланудың әлемдік тәжірибесі мүлдем ескерілмейтінін айтамыз.

Бұл зерттеу Қазақстан аймақтарында басымдықтарға ие туристік территорияларды жедел дамыту үшін шағын кәсіпкерлік

субъектілерінің желілік өзара әрекеттесу құрылымдарын пайдалану бойынша ұсыныстарды негіздеуге арналады.

### Негізгі бөлім

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, туристік дестинация – бұл «кеңістікте физикалық немесе виртуалды түрде болатын институттар мен экономикалық агенттердің жиынтығы; дестинация да, туристік кластер де – бұл экономикалық агенттердің желілік құрылымдары. Оларды басқару корпоративті бизнесті ұйымдастырудың пайдаланылып жүрген дәстүрлі нысандарынан бірталай ерекшеліктерге ие»[5].

Бір жағынан, аймақтық туристік әлеуетті және туристік объектілерді дамыту үшін бизнес өкілдерін маркетинг, жылжыту, кейде инфрақұрылымды дамыту мен басқаруға жауап беретін DMO–ұйымдардың механизмін ендіру арқылы саланы басқару үдерісіне біріктіру маңызды[2]. Оның басқару органдарының құрамына нарықтың түрлі субъектілері, туристік объектілер, құзыретті мемлекеттік органдар, аралас салалардың/нарықтардың субъектілері кіре алады; экономикалық агенттердің дербес класы болып қоғамдық ұйымдар табылады: Қазақстандық туристік қауымдастық, Қазақстанның туристік агенттіктерінің қауымдастығы, Қазақстанның тuroпeрaтop-лaрының қауымдастығы және басқалары. Өртүрлі экономикалық агенттер, соның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өкілдері дестинацияны жылжыту мен дамыту бойынша шешімдер қабылдау үдерісіне тікелей қатысады. DMO іс-қызметін қаржыландыру бюджеттік қаражаттар, нарық қатысушыларының мақсатты салымдары, туржинақтар (bedtax), маркетингтік қызметтер көрсету есебінен жүзеге асырылады [6].

Екінші жағынан, ауылдық туризм сияқты туристік шағын салалардың қатарында маңызды рөлді ұйымдық құрылымы жоқ шағын бизнес субъектілерінің өзара әрекеттесуінің желілік құрылымдары (ӨӘЖК) ойнайды. Олардың негізгі элементі болып еншілес компания (концерн, синдикат, холдингтегі сияқты) емес,

алуан түрлі ұйымдық нысандарға және құқықтық статуска ие экономикалық агент табылады. Үйлестіруші және стратегияны жасаушы желілік құрылымның қатысушысы мета-агент болып табылады [7]. Ауылдық туризмнің желілік құрылымдарының экономикалық агенттері дербестіктің жоғары деңгейіне ие. Ауылдық туризмде желілік өзара әрекеттесуді ұйымдастыру биліктің құзыретті органдарымен «сырттан» талап етілмейді [8]. Бірақ үйлестіруші орталық (мета-агент) ретінде олардың қатысуынсыз ауылдық туризмнің желілік құрылымдарының агенттерін дамыту тәжірибеде тіптен мүмкін емес: көптеген экономикалық агенттердің микро-өлшемдері олардың дамуына кедергі келтіретін көптеген объективті факторлардың барын білдіреді [9].

Ауылдық туризмнің ерекше белгісі болып өздігінен ұйымдасатын әлеуметтік-экономикалық жүйелердің – шағын кәсіпкерлікті орта және ірі бизнес кәсіпорындарының өндірістік-өткізу тізбегіне біріктірудің желілік құрылымдарының белсенді қалыптасуы табылады.

Барлық айырмашылықтармен қатар, ауылдық туризмді дамытудың базалық модельдерінің ортақ белгісі болып ауылдық туризмнің өндірістік-өткізу тізбегінде «классикалық» туроператордың жоқтығы табылады. Бұл рөлді ауылдық туризмнің түрөнімін ақпараттық нысанға айналдыратын басқа ұйым сапалы орындайды: оның басты міндеті – ауылдық туризмнің аймақтық өнімдері туралы компьютерлік мәліметтер базасын құру және қызмет етуін қамтамасыз ету.

Ауылдық туризм «индустриясының» ақпараттық агентінің келесі функцияларын бөліп көрсетуге болады:

- ауылдық түрөнімді ақпараттық нысанға айналдыру;
- берілген ұйым мүшелерінің түр өнімдері туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық порталдарға ие болу, ұстап тұру және қолдау;
- берілген саладағы ұсынылатын қызметтер туралы ақпараттарды жинақтау, ұсыныстар нарығын құру;

- ауылдық туризм субъектілерінің мүдделерін жалпылау, қалыптастыру және мүдделігін қорғау;

- қызметтерді стандарттау мен сертификаттау мәселелерін шешу, олардың сапасын қамтамасыз ету;

- аймақ деңгейінде нарыққа жылжыту үшін түр өнімдерді өндірушілерді кооперациялау (төлем қабілетті сұраныс ірі мегаполистерде шоғырланған);

- ауылдық түрөнімді өндірушілердің тәжірибе алмасуы және қарым-қатынас орнатулары үшін мүмкіндіктер жасау.

Соңғы екі жылда Қазақстан аймақтарында туристік инфрақұрылымға бюджеттік инвестициялардың құйылуы салдарынан басымдықтарға ие жылдық әлеуеті 400 000 турист (ағымдық лек – 130 000) болатын Имантау-Шалқар курорттық аймағы сияқты туристік территориялардың «топ-10» кіретін ауылдық туризм саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің желілік өзара әрекеттесулерінің өздігінен ұйымдасу үдерістерін белсенді ету байқалады [2].

2017 жылдың басында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі облыстың демалыс орындарының жай-күйін «кешегі» деп атап, қандай да бір стандарттарға сәйкес еместігін айтты. «Бізде облыс бойынша 91 орналасу объектісі бар. Осы объектістердің 90% туристерге ыңғайлы болудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келмейді. Аймақ басшысы қызмет көрсету сапасының да төмендігін атап өтті, туристерге тек қана орналастыру қызметі ғана көрсетіледі. Жол бойындағы қызмет көрсетуді де жақсартса болар еді».

Туризмді дамыту үшін басымдылыққа ие аудандар болып Айыртау, Есіл, Шал ақын, Қызылжар және Тайыншы аудандары табылады. Туробъектілердің көп бөлігі Айыртау ауданының Имантау-Шалқар курорттық аймағында орналасқан. Тайыншы ауданында, Озерное ауылында «Қазақстан жұлдызы» алтарь бар. Волыньтөбесіндегі Крестке жыл сайын 700 табынушы, соның ішінде алыс шет елдерден де, келеді. Балық аулау туризмін Есіл ауданында Үлкен Тарангүл көлінде және Шал ақын ауданында Сергеевский су қоймасында дамыту жоспарланған.

Қазіргі уақытта облыста Шортанды-Бурабай курорттық аймағының мысалында әзірленген «2018-2021 жылдарға арналған Имантау-Шалқар курорттық аймағын дамытудың кешенді жоспары» жүзеге асырылуда. Жоспар 4 бағыттағы 2 даму кезеңінен тұрады: инженерлік, көліктік, туристік инфрақұрылымды және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету [10].

2017 жылы көліктік инфрақұрылым едәуір жақсарды. Осы көлдерге жайлы жету үшін 1 млрд теңге бөлінді, осы жылы – 3,2 млрд теңге. 150 км автокөлік жолы жөнделуден өтті, бұл Астана мен Ресейден келу уақытын едәуір қысқартты. 2018 жылдың бірінші жартысының қорытындысы бойынша, Шалқар мен Имантауда болған туристер саны 2 есеге көбейді [11].

2018 жылы Имантау-Шалқар курорттық аймағында 10 заманауи демалыс базалары салынуда. Инвестицияның жалпы сомасы 411 млн теңгені құрайды. Қазірдің өзінде көптеген коттедждер, жазғы үйлер, кафе, шатырлар мен дүкендер салынды. Емдік-сауықтыру туризмі «Солнечное ВИП» ЖШС демалыс базасында дамуда, мұнда сауықтыру процедураларын қолданатын, туристерді жыл бойы қабылдайтын сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды. Аңшылық және балық аулау туризмі «Воробьев» ЖК мен «Махметов» ЖК демалыс базаларында дамуда. Ағымдағы жылы қолайсыз ауа-райына қарамастан, туристердің легі былтырғы жылмен салыстырғанда 1,5 есе көбейді және 45 мыңнан астам адамды құрады [13].

Басымдықтарға ие туристік территориялардың топ-10 кіретін басқа да территорияларда да осындай ұқсас үдерістер байқалады:

- Алакөл көлі – әлеуеті жылына 2 500 000 турист (ағымдық лек – жылына 772 000 турист);

- Алматы аймағының таулы кластері – әлеуеті жылына 2 500 000 турист (ағымдық лек – 500 000);

- Шортанды-Бурабай курорттық аймағы – әлеуеті жылына 2 000 000 турист (ағымдық лек - 750 000);

- Баянауыл курорттық аймағы – жылдық әлеуеті 450 000 турист (ағымдық лек - 200 000) және басқалары [2].


Қазақстан аймақтарында сапалы жаңа тенденция байқалады – басымдықтарға ие туристік территорияларда ӨӘЖҚ қалыптастыру. Бұл жерде оларды дамыту әдістемесі мен ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдер туралы мәселе ерекше өзекті болып табылады.

Ауылдық туризм маршруттарын қамтамасыз етуге қатысушы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің желілік өзара әрекеттесуінің ұйымдық механизмін әзірлеу үшін біздер ауылдық туризм саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілері мен қазақстандық туроператорлардың басқарушылары арасында сауал жүргіздік.


Зерттеуде бірінші мәліметтерді жинау әдісі ретінде сұхбат алу пайдаланылды – телефон арқылы жартылай құрылымдалған ашық сұрақтар қойылды. Сұхбатқа қатысуға 46 респондент келісім берді. Қатысу шарты анонимді болды –жеке мәліметтерді және кәсіпорын атауына қатысты стратегиялық жоспарлау туралы ақпаратты жарияламау. Алынған ақпараттарды өңдеу кезінде талдаудың сапалы әдістері пайдаланылды.

Сауалдың негізгі нәтижелері 1-4 суреттердегі диаграммаларда көрсетілген.


Біздің жүргізген сауалымыз осы уақытқа дейін Қазақстанда олардың дамуына кедергі келтіретін «тұйық шеңбер» байқалғанын көрсетті.




Сурет 1 – «ӨӘЖҚ қатысу нәтижелеріне Сіздің көңіліңіз тола ма?» деген сұраққа респонденттердің берген жауаптарының құрылымы



Сурет 2 – «ӨӘЖҚ қатысудан алынған қандай нәтижені Сіз неғұрлым маңызды деп есептейсіз» деген сұраққа респонденттердің берген жауаптарының құрылымы



Сурет 3 – «ӨӘЖҚ қалыптастыру үдерісін Сіз қалай бағалайсыз?» деген сұраққа респонденттердің берген жауаптарының құрылымы



Сурет 4 – «Сіздің ойыңызша, ӨӘЖҚ қалыптастыру үдерісі нені талап етеді?» деген сұраққа респонденттердің берген жауаптарының құрылымы

Ішкі туризм үшін әлеуетті тартымды рекреациялық аймақтарда:

- кәсіпкерлер туристік инфрақұрылым құрылысына өздерінің салған инвестицияларының өтелуі үшін туристер ағынын күтуде;
- туроператорлар туристерді әкелмейді, себебі бұл аймақтарда оларды қабылдау үшін қажетті жағдайлар жоқ;
- туристік ағын қалыптаспайынша, мемлекет коммуникацияларды дамытуға асықпайды.

Қазақстандық туроператорлардың ешқайсысы ішкі туризмде мамандана алмады; олар іс жүзінде өз серіктестерінің сенімін ақтамауға және уағдаластықтарды сақтамауға бейім ауылдықтарды туристік қызмет негіздеріне үйретуге мүдделі емес.

Ауылдық туризмді дамытуға кедергі келтіретін «тұйық шеңберді» бұзудың жалғыз жолы – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің желілік өзара әрекеттесуінің дамуына жағдай жасап мамандандырылған туроператорлардың қызметін ынталандыру.

### Қорытынды

1. Осы қорытындыдан басқа, ауылдық туризм маршруттарын қамтамасыз етуге қатысушы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің желілік өзара әрекеттесулерінің ұйымдастырушылық механизмін дамыту

бойынша әзірленген шаралар кешені келесілерді қамтиды:

- ауылдық туризмді дамытудың аймақтық саясатының басты міндеттерін таңдау;
- туристік қызметке ауылдық тұрғындарды тарту әдістерін таңдау;
- ауылдық туризм саласында шағын кәсіпкерлік субъектілерін ақпараттық қамтуды әзірлеу;
- ауылдық туризм маршруттарын әзірлеу мен жылжыту бойынша аймақтық туроператорлардың қызметтерін ынталандыру.

2. Ауылдық туризмнің экономикалық агенттерінің желілік құрылымдарын қалыптастыру ақпараттық жүйесіз мүмкін емес. Ол келесілерді қамтуы тиіс:

- мета-агенттің басқару шешімдерін уақытылы және дұрыс қабылдауын аналитикалық қолдауды;
- желінің барлық әрекет етуші және әлеуетті қатысушылары арасында ақпарат алмасуды;
- бизнесті жүргізудің ресми және бейресми ережелерінің біртұтастығын.

Бірінші міндет – мета-агенттің уақытылы және дұрыс басқару шешімдерін қабылдауын қолдауды шешу үшін арнайы ақпараттық жүйені әзірлеу қажет.

Басқа міндеттерді шешу үшін ғаламтор желісін құру жеткілікті, ол

бойынша желі қолданушылары үшін қолжетімді барлық жұмыс материалдары, желі қолданушыларының қызметтерін жариялайтын жобаның және шағын жобаның жекелеген тақырыптары бойынша таратудың электронды тізімдерінің жүйесі (электронды пошта және Интернет-форум базасында), сонымен қатар, ақпараттық портал толық айдармен жарияланады.

Ауылдық туризмнің желілік құрылымдарының экономикалық агенттері арасындағы көлденең байланыстар делдалдардың минималды қатысуымен тікелей ақпарат алмасуды білдіреді. Желілік өзара әрекеттесудің артықшылығы болып ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы, транзакциялық шығындардың салыстырмалы төмендігі және ақпараттық асимметрия мәселесін шешу мүмкіндігі табылады.

Ауылдық туризмнің экономикалық агенттіктерінің желілік құрылымдарының ашықтығы, кез-келген жаңа мүдделі қатысушыны қосу мүмкіндігі оның бәсекеге қабілеттілігі мен дамуының (өзіне-өзі жаңарту) қажетті шарты болып табылады. Желіде орналасқан, еркін кіруге ашық жүйелік материалдар мен жарияланымдар желілік құрылымның қызметіне жаңа экономикалық агенттерді тарту үшін қажет.

#### *Пайдаланылған ақпарат көздерінің тізімі*

1. Третья модернизация Казахстана: новые возможности для граждан и качественный рост. Стратегический план развития страны до 2025 года. Утвержден Указом Президента РК от 15.02.2018 № 636 [Эл.документ] // Пресс-служба Премьер-министра Республики Казахстан, 2018 URL: [https://primeminister.kz/ru/page/view/strategicheskii\\_plan\\_razvitiya\\_kazahstana\\_do\\_2025\\_goda](https://primeminister.kz/ru/page/view/strategicheskii_plan_razvitiya_kazahstana_do_2025_goda) (дата обращения: 08.10.2018)

2. Проект Государственной программы развития въездного и внутреннего туризма Республики Казахстан на 2019 – 2023 годы. 155 с. [Эл.документ] // Официальный сайт Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, 26.09.2018 URL: [https://mks.gov.kz/rus/press-sluzhba/novosti\\_ministerstva/?cid=0&rid=3862](https://mks.gov.kz/rus/press-sluzhba/novosti_ministerstva/?cid=0&rid=3862) (дата обращения: 08.10.2018)

3. The Travel & Tourism Competitiveness Report 2017 [El.dokument] Published WEF, 5 April 2017. 387 p. URL: <https://www.weforum.org/reports/>

[the-travel-tourism-competitiveness-report-2017](#) (дата обращения: 05.11.2018)

4. Казахстан как актуальный туристский бренд [Эл.документ] // Официальный сайт Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, 17 сентября 2018 г. URL: [https://www.mks.gov.kz/rus/o\\_ministerstve/ministr/publikacii/?cid=0&rid=3852](https://www.mks.gov.kz/rus/o_ministerstve/ministr/publikacii/?cid=0&rid=3852) (дата обращения: 08.10.2018)

5. Saraniemi S., Kylanden M. Problematizing the concept of tourism destination: an analysis of different theoretical approaches / S. Saraniemi, M. Kylanden // Journal of Travel Research. 2011. № 50 (2). p. 133-143.

6. Анализ зарубежного опыта развития внутреннего и въездного туризма / Составители: Анисеева О.Б., Абрамова Т.В., Кутейникова А.А., Титов С.Н. Управление информационных технологий и документооборота Аппарата Совета Федерации Федерального собрания Российской Федерации // Аналитический вестник. – 2016. – № 47 (646). – 135 с.

7. Adams B. B. The New Agritourism, Hosting Community and Tourists on your Farm. New World Publishing, Auburn CA, 2008. 86 p.

8. Ochterski J., Roth M. Getting Started in Agritourism. Cornell Cooperative Extension, 2008. 19 p. URL: [http://www.uvm.edu/tourismresearch/agritourism/saregrant/getting\\_started\\_agritourism\\_cornellext.pdf](http://www.uvm.edu/tourismresearch/agritourism/saregrant/getting_started_agritourism_cornellext.pdf) (дата обращения 15.10.2018)

9. Наметова Г. Основные закономерности формирования сетевых структур экономических агентов сельского туризма // Вестник Туран

10. Состояние зон отдыха раскритиковал аким СКО [Эл.документ] // ИА Казинформ, 30 октября 2017 URL: [https://www.inform.kz/ru/sostoyanie-zon-otdyha-raskritikoval-akim-sko\\_a3080182](https://www.inform.kz/ru/sostoyanie-zon-otdyha-raskritikoval-akim-sko_a3080182) (дата обращения: 05.11.2018)

11. Аким СКО обозначил перспективы развития туризма на Шалкаре [Эл.документ] // ИА Nur.kz, 24.10.2018 URL: <https://www.nur.kz/1759707-akim-sko-oboznacil-perspektivy-razvitiya-turizma-na-salkare.html> (дата обращения: 05.11.2018)

12. В Имантауско-Шалкарской курортной зоне нашли идеальное место для автокараванинга // Официальный интернет-ресурс акима Айыртауского района Северо-Казахстанской области [Эл.документ], 05.06.2018 URL: [http://airtau.sko.gov.kz/news/read/V\\_ImantaukoSHalkarskoj\\_kurortnoj\\_zone\\_nashli\\_idealnoe\\_mesto\\_dlya\\_avtokaravaninga.html?sid=25](http://airtau.sko.gov.kz/news/read/V_ImantaukoSHalkarskoj_kurortnoj_zone_nashli_idealnoe_mesto_dlya_avtokaravaninga.html?sid=25) (дата обращения: 05.11.2018)

13. 400 млн тенге вложили инвесторы в развитие Имантауско-Шалкарской курортной зоны [Эл.документ] // ИА ИнформБюро, 9 октября 2018 URL: <https://informburo.kz/novosti/400-mln-tenge-vlozhili-investory-dlya-razvitiya-imantauko-shalkarskoj-kurortnoj-zony.html> (дата обращения: 05.11.2018)

References

1. Tret'yamodernizaciyaKazahstana: novye vozmozhnosti dly agrazhdan i kachestvennyĭ rost. Strategicheskii plan razvitiyastrany do 2025 goda. Utverzhden Ukazom Prezidenta RK ot 15.02.2018 № 636 [El.dokument] Press-sluzhbaPrem'er-Ministra Respublik iKazahstan, 2018 URL: [https://primeminister.kz/ru/page/view/strategicheskii\\_plan\\_razvitiya\\_kazahstana\\_do\\_2025\\_goda](https://primeminister.kz/ru/page/view/strategicheskii_plan_razvitiya_kazahstana_do_2025_goda) (data obrashcheniya: 08.10.2018)
2. Proekt Gosudarstvennoj Programmy razvitiya v"ezdnoĝo i vnutrennego turizma Respubliki tKazahstanna 2019–2023 gody. 155 s. [El.dokument] Oficial'nyj sajt Ministerstva kul'tury i sporta Respubliki Kazahstan, 26.09.2018 URL: [https://mks.gov.kz/rus/press-sluzhba/novosti\\_ministerstva/?cid=0&rid=3862](https://mks.gov.kz/rus/press-sluzhba/novosti_ministerstva/?cid=0&rid=3862) (data obrashcheniya: 08.10.2018)
3. The Travel & Tourism Competitiveness Report 2017 [El.dokument] Published WEF, 5 April 2017. 387 p. URL: <https://www.weforum.org/reports/the-travel-tourism-competitiveness-report-2017> (data obrashcheniya: 05.11.2018)
4. Kazahstan kak aktual'nyj turistskij brend [El.dokument] Oficial'nyj sajt Ministerstva kul'tury i sporta Respubliki Kazahstan , 17 sentyabrya 2018 g. URL:[https://www.mks.gov.kz/rus/o\\_ministerstve/ministr/publikacii/?cid=0&rid=3852](https://www.mks.gov.kz/rus/o_ministerstve/ministr/publikacii/?cid=0&rid=3852) (data obrashcheniya: 08.10.2018)
5. Saraniemi S., Kylanen M. Problematizing the concept of tourism destination: an analysis of different theoretical approaches / S. Saraniemi, M. Kylanen Journal or Travel Research. 2011. № 50 (2). p. 133-143.
6. Analiz zarubezhnogo opyta razvitiya vnutrennego i v"ezdnogoturizma /Sostaviteli: Anikeeva O.B., Abramova T.V., Kutejnikova A.A., Titov S.N. Upravlenieinformacionnyhtekhnologij i dokumentooborota Apparata Soveta Federal'nogo SobraniyaRossijskoj Federacii Analiticheskij vestnik, 2016, № 47 (646). 135 s.
7. Adams V. V. The New Agritourism, Hosting Community and Tourists on your Farm.New World Publishing, Auburn CA, 2008.86 p.
8. Ochterski J., Roth M. Getting Started in Agritourism. Cornell Cooperative Extension, 2008. 19 p. URL: [http://www.uvm.edu/tourismresearch/agritourism/saregrant/getting\\_started\\_agritourism\\_cornellext.pdf](http://www.uvm.edu/tourismresearch/agritourism/saregrant/getting_started_agritourism_cornellext.pdf) (data obrashcheniya 15.10.2018)
9. Nametova G. Osnovnye zakonomernosti formirovaniya setevyh struktur ekonomicheskikh agentov sel'skogoturizma. VestnikTuran
- 10.Sostoyanie zon otdyha raskritikoval akim SKO [El.dokument] IA Kazinform, 30 oktyabrya 2017 URL:[https://www.inform.kz/ru/sostoyanie-zon-otdyha-raskritikoval-akim-sko\\_a3080182](https://www.inform.kz/ru/sostoyanie-zon-otdyha-raskritikoval-akim-sko_a3080182)(data obrashcheniya: 05.11.2018)
- 11.Akim SKO oboznachil perspektivy razvitiya turizmana Shalkare [El.dokument] IA Nur.kz, 24.10.2018 URL: <https://www.nur.kz/1759707-akim-sko-oboznacil-perspektivy-razvitia-turizma-na-salkare.html>(data obrashcheniya: 05.11.2018)
- 12.V Imantauško-Shalkarskoj kurortnoj zone nashli ideal'noe mesto dlya avtokaravaninga Oficial'nyj internet-resurs akima Ajyrtauskog rajona Severo-Kazahstanskoy oblasti [El.dokument], 05.06.2018 URL:[http://airtau.sko.gov.kz/news/read/V\\_ImantauškoSHalkarskoj\\_kurortnoj\\_zone\\_nashli\\_idealnoe\\_mesto\\_dlya\\_avtokaravaninga.html?sid=25](http://airtau.sko.gov.kz/news/read/V_ImantauškoSHalkarskoj_kurortnoj_zone_nashli_idealnoe_mesto_dlya_avtokaravaninga.html?sid=25)(data obrashcheniya: 05.11.2018)
- 13.400 mln tenge vlozhili investory v razvitie Imantauško-Shalkarskoj kurortnoj zony [El.dokument] IA InformByuro, 9 oktyabrya 2018 URL:<https://informburo.kz/novosti/400-mln-tenge-vlozhili-investory-dlya-razvitiya-imantauško-shalkarskoj-kurortnoj-zony.html>(data obrashcheniya: 05.11.2018)

**Түйін**

Бұл мақаладағы зерттеудің мақсаты – ауыл туризм саласында қазақстандық шағын бизнес өкілдерінің өзара әрекеттесуінің аймақтық желісін қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу. «2019-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі туризмін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» жобасына сараптама жүргізіліп, жобаның мазмұны бойынша жаңа ұсыныстарға негіздеме берілді. Ауыл туризмін дамытудың шетелдік тәжірибесі қарастырылды. Қазақстанның тур-операторлары басшыларының және ауылтуризмі саласындағы шағын кәсіпкерлік өкілдерінің сауалнамалары қаралды. Ауыл туризмі саласындағы қазақстандық шағын бизнес өкілдерінің аймақтық желідегі өзара іс-қимылын дамытудың негізгі бағыттары негізделген.

*Түйін сөздер:* туризм индустриясы, ауылдық туризм, желілік құрылымдар, шағын бизнес, ақпараттық жүйе.



**Аннотация**

Цель данного исследования – разработка рекомендаций по формированию регионального сетевого взаимодействия казахстанских субъектов малого предпринимательства в сфере сельского туризма. Проведен анализ проекта Государственной программы развития въездного и внутреннего туризма Республики Казахстан на 2019–2023 годы. Представлены замечания по содержанию проекта. Рассмотрен зарубежный опыт развития сельского туризма. Приведены результаты опроса руководителей казахстанских туроператоров и субъектов малого предпринимательства в сфере сельского туризма. Обоснованы основные направления развития регионального сетевого взаимодействия казахстанских субъектов малого предпринимательства в сфере сельского туризма.

*Ключевые слова:* индустрия туризма, сельский туризм, сетевые структуры, малое предпринимательство, информационная система.

**Abstract**

The purpose of this study is to develop recommendations on the formation of a regional network of interaction between Kazakhstan's small businesses in the field of rural tourism. The analysis of the project "The State Program for the Development of Inbound and Domestic Tourism of the Republic of Kazakhstan for 2019-2023" was conducted. Remarks to the content of the project were justified. Foreign experience in the development of rural tourism is considered. The results of a survey of managers of Kazakhstan tour operators and small businesses in the field of rural tourism are reflected. The main directions for the development of regional network interaction of Kazakhstani small businesses in rural tourism are substantiated.

*Keywords:* Tourism industry, rural tourism, network structures, small business, information system.